

## **Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 178 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 8 қаңтарда № 8121 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2004 жылғы 5 тамыздағы № 104 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3945 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы" газетінде 2004 жылғы 7 қыркүйекте және "Қызылординские вести" газетінде 2004 жылғы 27 тамызда жарияланған);

2) "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі № 96 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7631 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 9 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облысының әкімі*

*Г. Абдыкаликова*